



**Еден жабынының бір қабаты ағаш қалқандары тұрмыстық және қоғамдық ғимараттардағы еденнің құрылғысына арналған бір қабатты ағаш қалқандарға қолданылады.**

**Еден жабынының бір қабатты ағаш қалқандары келесі техникалық талаптарға сай болуы тиіс:**

- Қалқандар белгілі ретпен бекітілген технологиялық құжаттар бойынша осы стандарт талаптарына сай дайындалуы тиіс.**

- Негізгі параметрлер мен өлшемдер.**

**Құрамына байланысты қалқандарды  
мынандай типтерге бөледі:**

**ОЩ 1 – ойық пен айдарға желімсіз  
жиектеп біріктірілген кесіп өңделген  
рейкалардан тұрады. Қалқанның  
тақтайшасының шет жағынан  
желіммен қабыршақшалап бекітіледі.**

**ОЩ 2 – ойық пен айдарға желімсіз жиектеп біріктірілген кесіп өңделген рейкалардан тұрады. Қалқанның ұзындығы ортасынан рейкалар қалқанның беттік емес жағынан қағылып П-бейнелі металл қапсырма шегелермен бекітіледі. Көлденеңі жағынан тақтайшалар айдар асты мен ойық ішінен олардың бірігетін тұсынан қағылған П бейнелес металл қапсырма шегелермен бекітіледі**

**ОЩ 3 типтік қалқандарда қалқанның ұзына бойына тақтайшаларды бойлық және көлденең орналастыруға болады. Бұл стандарт тұрғын және қоғамдық ғимараттардағы еденнің құрылғысына арналған бір қабатты ағаш қалқандарға (бұдан әрі-қалқандар) қолданылады.**

# Өнімнің сапасы

**Өнімнің сапасы МЕСТ 15467-79 Өнім сапасымен басқару. Негізгі түсініктер. Терминдер мен анықтамалар бойынша келесідей анықталады: “тағайындалуына сәйкес белгілі қажеттіліктерді қанағаттандыруға жататындығын негіздейтін өнім қасиеттерінің жиынтығы”**

**Өнім сапасы дегеніміз – ескерілген немесе ұсынылған қажеттілікті қанағаттандыру мақсатымен оны құру кезінде жабдықтаушымен қалыптастыру нұсқасы немесе өнімнің сипаттамасының деңгейі мен қасиеттерінің жиынтығы.**

**Қалқандарды қайың, көк терек және өзінің негізгі механикалық және пайдалану қасиеттері жағынан көк терек ағашынан кем түспейтін басқа жұмсақ жапырақты жыныстардан және қалқан жапырақты ағаштар қалдықтарынан жасайды. 22 мм қалыңдықта қалқандар қайың ағашынан жасалады.**

**- Қарағай және балқарағай ағаштарынан тақтайшаларды ағаштың тарамдалған тілігімен жасайды. Көлденеңіндегі жылдық қабаттардың тақтайшаның бет жағынан еңкею бұрышы  $45^{\circ}$ -тан кем емес болу тиіс.**

**- Тақтада әр түрлі типтегі ағаш тақтайшалары болмауға тиіс.**

**- Б маркалы қалқандарға МСТ 19414 бойынша көлбеу тісті тиектерге біріктірілген тақтайшаларды қолдануға болады.**

**Тұтас негізде төсеуге арналған Б маркалы ОЩ 3 типті қалқандарда тақтайшаларды ұзыннан түйістіріп біріктіруге болады. Қалқанның шеткі және әр үшінші тақтайшасы тұтас болу тиіс.**

**- ОЩ 1 және ОЩ 2 типті қалқандардағы тақтайшаларды аралығындағы саңылау А маркалы қалқаны үшін-0,3 мм, Б маркалы қалқаны үшін-0,5 мм аспауы тиіс.**

**- Қалқан ағашының дымқылдығы  $(8 \pm 3)$  % болуға тиіс.**

**- Қалқанның іргелес жиектерінің перпендикулярлығынан ауытқу 100 мм ұзындыққа 0,15 мм аспауға тиіс.**

**- Қалқанның бет жағындағы жайпақтықтың ауытқуы 1000 мм кез келген бағытқа 2 мм аспауға тиіс.**

**- Ағаш ақауын шектеу нормаларымен тақтайшаларды өңдеу 3-кесте көрсеткіштеріне сәйкес болуы қажет.**

**- Б маркалы қалқанның бет жағындағы жартылай бітіскен, бітіспеген, түсіп жатқан, шіріп жатқан, шірігін және темекілік бұтақтар кесілуге және тығындалуға немесе жұқа тақтайша мен желімделуге жатады.**

**- Б маркалы тақта үшін бет жағындағы бітелген жердің саны 3-тен аспауы тиіс.**



# Қораптау мен таңбалау

Қалқандардың әр қорабына этикетка, ен сырға бекітілуі тиіс немесе жуылмайтын бояумен мөртабан түрінде анық таңбалау түсірілуі тиіс. Ол мына мазмұнда болу керек:

- дайындаушы мекеменің аты немесе тауарлық белгісі;
- қалқанның шартты белгісі;
- ағаш тегі;
- қалқандардың жекелей саны мен шаршы метр өлшеміндегі саны.

**- Қалқандар бір-бірімен бет жағымен беттестіріліп жұпталып бумаға салынуға тиіс. Қорап салмағы 40 кг аспау керек.**

**- Әр қорап құрамында бір типті, бір маркалы, бір текті ағаш, бір өлшемдегі қалқандар болуға тиіс. Қораптар көліктік пакеттер байлануы мүмкін.**

**- Қораптар МСТ 3560 бойынша болат таспалармен, МСТ 3282 бойынша сыммен, МСТ 17308 бойынша жіппен немесе буманың беріктігін қамтамасыз ететін басқа байлаушы материалдармен буылады.**

**Қалқанды қабылдау бақылауы мына ретпен өткізіледі:**

**- қалқандарды осы топ үшін таңдау көлемінің санына сәйкес таңдап алады. Қалқандарды таңдауға іріктеу МСТ 18321 бойынша кездейсоқ іріктеу әдісімен таңдалып алынады;**

**- таңдалған әрбір қалқанның осы стандарт талабына сәйкестігі тексеріледі және ақаулы қалқандардың саны анықталады;**

**- ақаулы қалқандар саны осы іріктеме үшін белгіленген қабылдау және жарамсыз деп тану санымен салыстырылады.**

Сапа деңгейін анықтау үшін келесі әдістер қолданылады: дифференциалды, кешенді және аралас. Сапа деңгейін анықтау үшін дифференциалды әдісті қолданайық. Онда қарастырылатын объектің әрбір сапа көрсеткіштерін сәйкес базалық көрсеткіштермен бөлек-бөлек салыстырады. Сапа деңгейді бағалау үшін формула бойынша қатыстық көрсеткішті анықтаймыз.

$$Q_i = P_i / P_{i6}$$

$$Q_i = P_{i6} / P_i$$

мұндағы  $Q_i$  – қатыстық сапа көрсеткіші;  
 $P_i$  – зерттелетін өнімнің көрсеткіші;  
 $P_{i6}$  – базалық өнімнің көрсеткіші.

**Сынау әдістері бұл – сынаудың нақты принциптері мен әдістерін қолдану ережелері. Мұндай принциптер – физикалық, механикалық, химиялық және басқа да тәуелділіктер болып табылады, оларды қолдана отырып өнімнің жұмыс жағдайында оны қолдануда өнім құрамының сипаттамасы жайлы ақпаратты алады. Еден жабынының бір қабаты ағаш қалқандары үшін келесідей сынақ әдістері бар:**

- Еден жабынының төзімділігін анықтау;**
- Еден жабынының орташа тығыздығын анықтау;**
- Еден жабынының сыртқы бетінің түсін анықтау;**
- Еден жабынының қедірбұдырлығын анықтау;**
- Еден жабынының төзімділігін анықтау;**
- Еден жабынының ылғалдығын анықтау.**

## **Бұйымды сынау әдістемесі**

**Сығу кезіндегі ОЩ 3 типті қалқандардағы желіммен жабысу беріктігінің шегін сынауға МСТ 15613.1 бойынша тексереді. Сығу кезіндегі төзімділік шегін анықтау кезінде әрбір таңдап алынған ағашты престерде қысып бұзады.**

### **Аппаратура:**

- шекті қысымы бар гидравликалық пресс;**
- ағаш кесетін станок;**
- Штангенциркуль МЕСТ-166 бойынша.**

### **Сынауға дайындау:**

**Сынауға арналған үлгілерді МЕСТ-15613.1 бойынша дайындайды.**

### **Сынауды жүргізу:**

**Үлгілерді престің ортасына қойып дайындайды. Үлгіге түсетін күш үзіліссіз және бірқалыпты жылдамдықта 0,5 МПа \ секунд түсірлуі керек.**

**Үлгіні бұзатын күштің шегі 20-80% аралығында максималды күшпен берілуі қажет.**

### **Нәтижені өңдеу:**

**ОЩ 3 типтік қалқандарда желімен жабыстыру беріктігінің шегі 6,0 мПа (60 кгс/см) шамасынан төмен болмауға тиіс.**

**Назар аударғандарыңызға  
рахмет!**